




БАЛАЛЫ БОЛА АЛАТЫН ЕР ПАЦИЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ВАЛЬПРОЙ ҚЫШҚЫЛЫ* ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

*Толық ақпарат алу
үшін осы нұсқаулықты
пациенттерге арналған дәрілік
препаратты медициналық
қолдану жөніндегі нұсқаулықпен
бірге оқып шығыңыз.*

ВАЛЬПРОЙ ҚЫШҚЫЛЫ: Депакин®, ДЕПАКИН® ХРОНО, Депакин®
Хроно и Депакин® Хроносфера™

НЕНІ БІЛУІҢІЗ ҚАЖЕТ

Бұл нұсқаулықта Сіз вальпрой қышқылымен емделіп, ұрпақ өрбіткен жағдайдағы ықтимал қауіп туралы негізгі ақпарат берілген. Егер сұрақтарыңыз болса, емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

**ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫМЕН ҚАЖЕТІНШЕ
ҚАЙТА ТАНЫСУ МАҚСАТЫНДА ОНЫ САҚТАП
ҚОЙЫҢЫЗ**

* Вальпрой қышқылы, сондай-ақ Депакин®, ДЕПАКИН® ХРОНО, Депакин® Хроно, Депакин® Хроносфера™ атауларымен белгілі.

Ұрықтану кезінде ерлердің вальпрой қышқылын* қабылдауының қандай қаупі бар?

Зерттеу көрсеткендей, ұрықтануға дейінгі соңғы 3 ай ішінде вальпрой қышқылын қабылдасаңыз, балаңызда ақыл-ой және/немесе моторлық дамуының бұзылыстарының болу қаупі ламотриджин немесе леветирацетам, сіздің дертіңізді емдеуге қолданылатын басқа да дәрілік препараттар қабылдаған әкелерден туылған балалармен салыстырғанда жоғарырақ болуы мүмкін.

Бұл зерттеуде көрсетілген бұзылыстар вальпрой қышқылын қабылдаған әкелерден туылған 100 баланың шамамен 5-еуінде және басқа дәрі-дәрмектерді қабылдаған әкелерден туылған 100 баланың шамамен 3-еуінде анықталды.

Вальпрой қышқылымен емделуді ұрықтануға дейін 3 айдан көп уақытта (жаңа шәуеттің түзілуі үшін қажетті уақыт) тоқтатқан әкелерден туылған балалар үшін ықтимал қауіп туралы деректер жоқ.

Бұл мен үшін нені білдіреді?

Дәрігер сізге (және/немесе сіздің ата-анаңызға /қамқоршыңызға) вальпрой қышқылымен емделіп, ұрпақ өрбіту кезіндегі ықтимал қауіп туралы, сондай-ақ вальпрой қышқылын қолданудағы сақтық шаралары туралы кеңес береді:

- вальпрой қышқылымен емделу кезінде және қабылдауды тоқтатқаннан кейінгі 3 ай ішінде Сіз және Сіздің жұбыңыз **контрацепцияның (жүктіліктің алдын алу) тиімді әдістерін қолдану** қажеттілігі туралы;
- балалы болуды жоспарласаңыз, **емдеудің баламалы түрлерін талқылау үшін** контрацепция (жүктіліктің алдын алу) әдістерін қолдануды тоқтатқанға дейін дәрігерге жүгіну қажеттілігі туралы;
- емделу кезінде және емделу аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде **шәует доноры болуға тыйым салынатындығы** туралы.

Егер Сіздің **жұбыңыз жүкті болып қалса** және Сіз бала көтергенге дейінгі соңғы 3 ай ішінде вальпрой қышқылымен емделген болсаңыз, екеуіңіз де **дәрігер кеңесіне жүгінулеріңіз қажет**.

Дәрігердің кеңесінсіз **емделуді тоқтатпаңыз**. Емделуді тоқтатқаннан кейін дертіңіздің симптомдары нашарлауы мүмкін.

Сіз **дәрігеріңізге үнемі (кемінде жылына бір рет) қаралуға тиіссіз**. Емді бастамас бұрын және жыл сайынғы қаралу барысында Сіз және дәрігеріңіз вальпрой қышқылын қолданумен байланысты барлық қауіптер мен сақтық шаралары туралы ақпаратты түсінгеніңізге көз жеткізу үшін қауіптермен танысудың жыл сайынғы формасын оқып, қол қоясыздар.



* Вальпрой қышқылы, сондай-ақ Депакин®, ДЕПАКИН® ХРОНО, Депакин® Хроно, Депакин® Хроносфера™ атауларымен белгілі.

ТОЛЫҚ АҚПАРАТ АЛУҮШІН ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НУСҚАУЛЫҒЫН ОҚЫП ШЫҒУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ.

sanofi